



**Мемлекеттердің Айдағы және басқа да аспан денелеріндегі қызметі туралы келісімге  
Қазақстан Республикасының қосылуы туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 15 мамыр N 105

1979 жылғы 18 желтоқсанда Нью-Йоркте қол қойылған Мемлекеттердің  
Айдағы және басқа да аспан денелеріндегі қызметі туралы келісімге  
Қазақстан Республикасы қосылсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мемлекеттердің Айдағы және басқа да аспан  
денелеріндегі қызметі туралы Келісім

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттер,

мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін зерттеудегі және  
пайдаланудағы қол жеткізген табыстарын атап өте отырып,

Жердің табиғи серігі болып табылатын Ай ғарышты зерттеуде маңызды рол  
атқаратындығын мойындай отырып,

мемлекеттердің арасындағы Айды және басқа да аспан денелерін зерттеудегі және  
пайдаланудағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға теңдік негізінде жәрдемдесуге  
толық бел байлай отырып,

Айды халықаралық қақтығыстар ауданына айналдыруға жол бермеуді тілей отырып  
,

Айдың және басқа да аспан денелерінің табиғи ресурстарының игеруден алынуы  
мүмкін пайдаларды ескере отырып,

мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері туралы шартты, ғарыш кеңістігіне жіберілген ғарышкерлерді құтқару, ғарышкерлердің қайтып оралуы және объектілердің қайтып оралуы туралы келісімді, ғарыш объектілеріне келтірілген залал үшін халықаралық жауапкершілік туралы Конвенцияны және ғарыш кеңістігіне

ұшырылатын объектілерді тіркеу туралы конвенцияны еске ала отырып,

ғарыш кеңістігін зерттеудің және пайдаланудың бұдан арғы процесін ескере отырып, осы халықаралық құжаттарды Айға және басқа да аспан денелеріне қатысты нақтылаудың және дамытудың қажеттігін назарға ала отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

#### 1-бап

1. Айға қатысты осы Келісімнің ережелері осы аспан денелерінің кез келгеніне қатысты нақты құқықтық нормалар күшіне енген жағдайларды қоспағанда, Жерден басқа күн жүйесіндегі басқа да аспан денелеріне де қолданылады.

2. Осы Келісімнің мақсаты үшін Айға сілтемелер Айдың төңірегіндегі орбиталарды немесе Айға немесе оның төңірегіне ұшудың басқа да траекторияларын қамтиды.

3. Осы Келісім табиғи жолмен Жер бетіне келіп жеткен жердікінен тыс материалдарға қолданылмайды.

#### 2 - б а п

Айды зерттеуді және пайдалануды қоса алғанда, ондағы барлық қызмет Бас Ассамблея 1970 жылғы 24 қазанда қабылдаған Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына және өзара түсіністікке сәйкес мемлекеттердің арасындағы достық қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа қатысты халықаралық құқық принциптері туралы Декларацияны ескере отырып халықаралық құқыққа, атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес және барлық басқа қатысушы мемлекеттердің тиісті мүдделерін тиісінше ескере отырып жүзеге асырылады.

#### 3 - б а п

1. Айды барлық қатысушы мемлекеттер тікелей бейбіт мақсаттарға ғана п а й д а л а н а д ы .

2. Айда күш қолданып қорқытуға немесе күш қолдануға немесе кез келген басқа да дұшпандық іс-әрекетке немесе дұшпандық іс-әрекет жасаумен қорқытуға тыйым салынады. Айды Жерге, Айға, ғарыш кемелеріне, ғарыш кемелерінің адамдарына немесе жасанды ғарыштық объектілерге осындай іс-әрекеттер жасау немесе кез келген осындай қорқытулар қолдану үшін пайдалануға да тыйым салынады.

3. Қатысушы мемлекеттер ай төңірегіндегі орбитаға немесе Айға немесе оның төңірегіне ұшудың басқа да траекториясына ядролық қару немесе халықты жаппай қырып-жоятын қарудың басқа да түрлері бар объектілер шығармауға, сондай-ақ мұндай қаруларды Айдың бетіне немесе оның қойнауларына орналастырмауға және п а й д а л а н б а у ғ а м і н д е т т е н е д і .

4. Айда әскери базалар, құрылыстар мен бекіністер салуға, қарудың кез келген үлгісін сынауға және әскери маневрлер өткізуге тыйым салынады. Әскери адамдарды ғылыми зерттеулер немесе қандай да болмасын өзге де бейбіт мақсаттар үшін пайдалануға тыйым салынады. Сонымен бірге Айды бейбіт мақсатта зерттеу немесе пайдалану үшін қажетті кез келген жабдықты немесе құралды пайдалануға тыйым с а л ы н б а й д ы .

4 - б а п

1. Айды зерттеу және пайдалану бүкіл адамзаттың қол жеткізген жетістігі болып табылады және олардың экономикалық немесе ғылыми даму дәрежесіне қарамастан барлық елдердің игілігіне және мүддесінде жүзеге асырылады. Бұл ретте қазіргі және келешек ұрпақтардың мүдделеріне, сондай-ақ өмір сүру деңгейін арттыруға және экономикалық және әлеуметтік прогрестің және Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес дамудың шарттарын жақсартуға ықпал етудің қажеттілігіне л а й ы қ т ы н а з а р а у д а р ы л а д ы .

2. Қатысушы мемлекеттер Айды зерттеуге және пайдалануға байланысты өздерінің барлық қызметінде ынтымақтастық пен өзара көмек принципін басшылыққа алады. Халықаралық ынтымақтастық осы Келісімге сәйкес мүмкіндігінше неғұрлым кең болуы тиіс және көпжақты негізде, екіжақты негізде немесе халықаралық үкіметаралық ұйымдар арқылы жүзеге асырыла алады.

5 - б а п

1. Қатысушы мемлекеттер барынша мүмкін болатын және іс жүзінде жүзеге асырылатын дәрежеде Айды зерттеуге және пайдалануға байланысты өздерінің қызметі туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысын, сондай-ақ жұртшылықты және

халықаралық ғылыми қоғамдастықты хабардар етеді. Әрбір экспедицияға қатысты ол Айға ұшырылғаннан кейін мүмкіндігінше тезірек оның уақыты, мақсаты, ұшырылған жері, орбиталардың параметрлері және ұшу мерзімінің ұзақтығы туралы мәлімет хабарланады, ал ғылыми нәтижелерді қоса алғанда, әрбір экспедицияның ғарышқа болуының нәтижелері туралы ақпарат ол аяқталғаннан кейін беріледі. Егер экспедиция алпыс күннен астам жалғасатын жағдайда кез келген ғылыми нәтижелерді қоса алғанда, осы экспедицияның барысы туралы ақпарат әрбір отыз күннен кейін мерзімді түрде беріліп тұрады. Алты айдан астам жалғасатын экспедицияға қатысты соңынан мұндай ақпаратқа тек айтарлықтай маңызды толықтырулар ғана хабарлануы керек,

2. Егер қатысушы мемлекетке басқа қатысушы мемлекеттің бір мезгілде Айдың төңірегіндегі сол ауданда немесе сол орбитада, Айға немесе оның төңірегіне ұшу траекториясында қызмет жүргізуді жоспарлап отырғаны белгілі болса, ол өзінің қызмет жүргізу уақыты мен жоспары туралы келесі мемлекетті жедел хабардар етеді.

3. Осы Келісімге сәйкес қызметті жүзеге асыру кезінде қатысушы мемлекет Айды қоса алғанда, ғарыш кеңістігіндегі олар анықтаған адамның өмірі мен денсаулығы үшін қатер төндіруі мүмкін кез келген құбылыстар туралы, сондай-ақ органикалық тіршіліктің кез келген түрінің белгілері туралы Бас хатшыны, сондай-ақ жұртшылықты және халықаралық ғылыми қоғамдастықты хабардар етеді.

6 - б а п

1. Айға барлық қатысушы мемлекеттер қандайда бір болмасын кемсітушіліксіз теңдік негізде және халықаралық құқыққа сәйкес жүргізетін ғылыми зерттеулердің е р к і н д і г і ж а р и я л а н а д ы .

2. Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде қатысушы мемлекеттердің минералдық және басқа да заттардың үлгілерін жинауға және оларды айдан әкетуге құқығы бар. Мұндай үлгілер оларды жинауды қамтамасыз еткен қатысушы мемлекеттердің иелігінде қалады және оны олар ғылыми мақсаттар үшін пайдалана алады. Қатысушы мемлекеттер ғылыми зерттеулер жүргізу үшін мұндай үлгілердің бөліктерін басқа мүдделі қатысушы мемлекеттердің және халықаралық ғылыми қоғамдастықтың иелігіне берудің дұрыстығын назарға алады. Қатысушы мемлекеттер ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде өз экспедицияларының тіршілік әрекетін қолдау үшін осы мақсатқа қажетті мөлшерде Айдың минералдық және басқа да заттарын пайдалана алады.

3. Қатысушы мемлекеттер Айға экспедициялар мен ондағы ғимараттардың арасында барынша мүмкін болатын және іс жүзінде жүзеге асырылатын дәрежеде ғылыми және басқа қызметкерлер алмасу жүргізу дұрыс деп таниды.

7 - б а п

1. Қатысушы мемлекеттер Айды зерттеуді және пайдалануды жүзеге асыра отырып бұл ортаға қолайсыз өзгерістер енгізудің салдарынан оның ортасының қалыптасқан тепе-теңдігінің бұзылуын, осы орта үшін бөтен заттар әкелудің салдарынан немесе қандай да болмасын өзге жолмен оның зиян әкелетін ластануын болдырмау үшін шара қолданады. Қатысушы мемлекеттер жердікінен тыс зат келудің салдарынан немесе қандай да болмасын өзге жолмен Жердің қоршаған ортасын қолайсыз өзгертуден қашу үшін шаралар қолданады.

2. Қатысушы мемлекеттер осы Баптың 1-тармағына сәйкес олар қабылдаған шаралар туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысын хабардар етеді, сондай-ақ барынша мүмкін болатын дәрежеде олар айға радиоактивті материалдар орналастырған барлық жағдайлар туралы және мұндай орналастырудың мақсаты туралы оны күні бүрын хабардар етеді.

3. Қатысушы мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымының құзыретті органдарымен консультация өткізе отырып, өздеріне қатысты арнаулы қорғау шаралары келісіп алынуға тиіс. Айдың ерекше ғылыми ықылас туғызатын аудандарын халықаралық ғылыми қорықтар деп жариялау туралы мәселені басқа қатысушы мемлекеттердің құқығына нұқсан келтірмейтіндей етіп қарау үшін осы аудандар жайында өзге қатысушы мемлекеттерге және Бас хатшыға хабарлама жолдайды.

## 8 - б а п

1. Қатысушы мемлекеттер осы Келісімнің ережелерін сақтау шартымен Айды оның беті мен қойнауларындағы кез келген жерде зерттеу және пайдалану жөніндегі өз қызметтерін жүзеге асыра алады.

2. Қатысушы мемлекеттер осы мақсатта, атап айтқанда:  
а) өздерінің ғарыштық объектілерін айға қондыруды және оларды Айдан ұшыруды жүзеге асыра ;

б) Айдың бетіндегі немесе оның қойнауындағы кез келген жерге өз қызметкерлерін, ғарыштық аппараттарын, жабдықтарын, қондырғыларын, станциялары мен ғимараттарын орналастыра алады.

Қызметкерлер, ғарыштық аппараттар, жабдықтар, қондырғылар, станциялар және ғимараттар айдың бетінде немесе оның қойнауларында еркін қозғала алады немесе қозғалынады.

3. Қатысушы мемлекеттердің қызметі осы Баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес Айда басқа қатысушы мемлекеттер жүзеге асыратын қызметтер үшін кедергі жасамауы тиіс. Мұндай кедергілер туындаған жағдайда мүдделі қатысушы мемлекеттер осы Келісімнің 15-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес консультация өткізеді.

1. Қатысушы мемлекеттер Айда адамдар тұратын және тұрмайтын станциялар құра алады. Станция құрған қатысушы мемлекет осы станцияның қажетін қамтамасыз ету үшін қажетті алаңды ғана пайдаланады және ол станцияның орналасқан жері мен мақсаты туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жедел хабарлайды. Одан әрі әр жылы осы мемлекет осы станцияны пайдалану жалғасуды ма және оның мақсаты өзгерді ме сол туралы Бас хатшыға хабарлайды.

2. Станциялар айдың барлық аудандарына осы Келісімнің немесе Мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері туралы шарттың 1-бабының ережелеріне сәйкес Айда қызметті жүзеге асырудың басқа қатысушы мемлекеттің қызметкерлерінің , аппараттарының және жабдықтарының еркін баруына кедергі жасамайтындай болып о р н а л а с а д ы .

1. Қатысушы мемлекеттер Айда жүрген адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін барлық мүмкін болатын шараларды қабылдайды. Осы мақсатта олар Айдағы кез келген адамға Мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері туралы шарттың V бабының тұрғысында ғарышкер ретінде, Ғарышкерлерді құтқару, ғарыш кеңістігіне ұшырылған ғарышкерлердің қайтып оралуы және объектілердің қайтып оралуы туралы Келісімнің тұрғысында ғарыш кемесі экипажының мүшесі ретінде қ а р а й т ы н б о л а д ы .

2. Қатысушы мемлекеттер Айдағы апатқа ұшыраған адамдарға өз станцияларында, ғимараттарында, аппараттарында және басқа да қондырғыларында қорғану құқығын ұ с ы н а д ы .

1. Ай мен оның табиғи ресурстары осы Келісімнің ережелерінде, атап айтқанда, осы Баптың 5-тармағында өзінің көрінісін табатын адамзаттың ортақ мұрасы болып т а б ы л а д ы .

2. Ай оған егемендік жариялау жолымен де, пайдалану немесе басқыншылық жолымен де, кез келген басқа да құралдармен де ұлттық иеленуге жатпайды.

3. Айдың беті немесе қойнауы, сондай-ақ оның бетіндегі немесе қойнауындағы учаскелер немесе олардың орналасқан жерлеріндегі табиғи ресурстары қандайда да болмасын мемлекеттің, халықаралық, үкіметаралық немесе үкіметтік емес ұйымның,

ұлттық ұйымның немесе мемлекеттік емес мекеменің немесе кез келген жеке адамның меншігі бола алмайды. Айдың бетіне немесе оның қойнауларына оның бетімен немесе қойнауымен тығыз байланысты конструкцияларды қоса алғанда, қызметкерлерді, ғарыш аппараттарын, жабдықтарды, қондырғыларды, станцияларды және ғимараттарды орналастыру Айдың бетіне немесе қойнауына немесе олардың учаскелеріне меншік құқығын құрмайды. Жоғарыда мазмұндалған жағдай осы Баптың 5-тармағында айтылған халықаралық режимге залал келтірмейді.

4. Қатысушы мемлекеттердің қандай да болмасын кемсітушіліксіз, тендік негізде және халықаралық құқық пен осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Айды зерттеуге және п а й д а л а н у ғ а қ ұ қ ы б а р .

5. Қатысушы мемлекеттер осымен мұндай пайдалану таяу уақытта мүмкін болатыны шындыққа айналғанда айдың табиғи ресурстарын пайдалануды реттеу үшін тиісті рәсімдерді қоса алғанда, халықаралық режим орнықтыруға міндеттенеді. Бұл ережелер осы Келісімнің 18-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Осы Баптың 5-тармағында айтылған халықаралық режимді орнықтыруға жәрдемдесу мақсатында қатысушы мемлекеттер барынша мүмкін болатын және іс жүзінде жүзеге асырылатын дәрежеде олар Айда ұшырата алатын кез келген табиғи ресурстар туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына, сондай-ақ жұртшылық пен халықаралық ғылыми қоғамдастыққа хабарлайды.

7. Орнықтырылуы тиіс халықаралық режимнің негізгі мақсаты:

- a) Айдың табиғи ресурстарын тәртіпке келтірілген және қауіпсіз игеруді;
- b) осы ресурстарды тиімді реттеуді;
- c) осы ресурстарды пайдалану ісінде мүмкіндіктерді кеңейтуді;

ж ә н е

d) барлық қатысушы мемлекеттердің арасында дамушы елдердің мүдделері мен қажеттіліктерін, сондай-ақ айды зерттеуге тікелей немесе жанама өз үлестерін қосқан елдердің күш-жігерін айрықша ескере отырып осы ресурстардан алынатын игіліктерді ә д і л б ө л у д і қ а м т и д ы .

8. Айдың табиғи ресурстарына қатысты барлық қызмет осы Баптың 7-тармағында көрсетілген мақсатқа және осы Келісімнің 6-бабының 2-тармағының ережелеріне сәйкес келетіндей тұрғыда жүзеге асырылады.

1 2 - б а п

1. Қатысушы мемлекеттер Айдағы өзінің қызметкерлеріне, ғарыштық аппараттарына, жабдықтарына, қондырғыларына, станцияларына және ғимараттарына иелігі мен бақылау жасауын сақтайды. Ғарыштық аппараттарға, жабдықтарға, қондырғыларға, станцияларға және ғимараттарға меншік құқығы олар Айда болған у а қ ы т т а қ о з ғ а у с ы з қ а л а д ы .

2. Олардың орналасуы белгіленгеннен тысқары жерлерде ұшыратылған аппараттарға, ғимараттарға және жабдықтарға немесе олардың құрамдас бөліктеріне Ғарышкерлерді құтқару, ғарыш кеңістігіне ұшырылған ғарышкерлердің қайтып оралуы және объектілердің қайтып оралуы туралы келісімнің 5-бабының ережелері қ о л д а н ы л а д ы .

3. Адамның өміріне қатер төнуіне байланысты төтенше жағдайларда қатысушы мемлекеттер басқа қатысушы мемлекеттердің Айдағы жабдықтарын, аппараттарын, ғимараттарын, қондырғыларын немесе қорларын пайдалана алады. Мұндай пайдалану туралы хабарлама кешіктірілместен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына немесе мүдделі қатысушы мемлекетке жолданады.

1 3 - б а п

Айда олар ұшырмаған ғарыштық объектінің авариялық, мәжбүрлікпен немесе өзге де ойластырылмаған қонуы болғанын немесе мұндай объектілердің құрамдас бөліктерінің құлауын байқаған қатысушы мемлекет ол туралы ұшыруды жүзеге асырған қатысушы мемлекетке және Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына к е ш і к т і р м е й х а б а р л а й д ы .

1 4 - б а п

1. Осы Шартқа қатысушы мемлекеттер оны үкіметтік орган немесе үкіметтік емес заңды тұлға жүзеге асыруына қарамастан айдағы ұлттық қызмет үшін және ұлттық қызметтің осы Келісімде қамтылған ережелерге сәйкес жүргізілуін қамтамасыз ету үшін халықаралық жауапкершілікте болады. Қатысушы мемлекеттер олардың қарауындағы үкіметтік емес заңды тұлғалардың айдағы қызметті тиісті қатысушы мемлекеттің бақылауымен және үнемі байқауымен ғана жүзеге асыруын қамтамасыз е т е д і .

2. Қатысушы мемлекеттер Айдағы қызметтің жандануының нәтижесінде Айда келтірілген залал үшін жауапкершілік туралы егжей-тегжей келісімдерге, Мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері туралы шарттың ережелеріне және Ғарыштық объектілерге келтірілген залал үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенцияға толықтыруларға деген қажеттілік туындауы мүмкін екендігін мойындайды. Кез келген мұндай Келісім осы келісімнің 18-бабында көзделген р е с і м г е с ә й к е с ж а с а л а д ы .

1 5 - б а п



1. Әрбір қатысушы мемлекет басқа қатысушы мемлекеттердің Айды зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметі осы Келісімнің ережелеріне сәйкес жүргізілетіндігіне көз жеткізе алады. Осы мақсатта Айдағы барлық ғарыштық аппараттар, жабдықтар, қондырғылар, станциялар және ғимараттар басқа қатысушы мемлекеттер үшін ашық. Бұл қатысушы мемлекеттер тиісті консультациялар өткізуге және қауіпсіздікті қамтамасыз ету және болуға жататын қондырғыдағы қалыпты операциялар үшін кедергіні болдырмау үшін барынша сақтану шараларын қабылдауға мүмкіндік беру үшін жоспарланған бару туралы орынды күні бұрынғы мерзімдерде хабарлайды. Осы Бапқа сәйкес кез келген қатысушы мемлекет дербес немесе кез келген басқа қатысушы - мемлекеттің толықтай немесе ішінара көмегімен немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының шеңберінде және Жарғысына сәйкес тиісті халықаралық рәсімдер арқылы әрекет ете алады.

2. Басқа қатысушы мемлекет оған осы Келісіммен жүктелген міндеттемелерді орындамайды немесе басқа қатысушы мемлекет алғашқы мемлекет осы Келісімге сәйкес пайдаланатын құқықты бұзады деп ойлауға негізі бар қатысушы мемлекет осы қатысушы мемлекетпен консультация өткізуді сұрай алады. Осындай сұраныс жасалған қатысушы мемлекет мұндай консультацияға кідіріссіз қатысады. Мұндай консультацияларға оны талап еткен кез келген басқа қатысушы мемлекеттің қатысуға құқы бар. Мұндай консультацияларға қатысушы әрбір қатысушы мемлекет кез келген дауды өзара тиімді реттеуге ұмтылады және барлық қатысушы мемлекеттердің құқықтары мен мүдделерін ескереді. Мұндай консультациялардың нәтижелері туралы алынған ақпаратты барлық мүдделі қатысушы мемлекеттерге ұсынатын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жолдайды.

3. Егер консультациялар барлық қатысушы мемлекеттердің құқықтары мен мүдделерін тиісінше ескере отырып өзара тиімді реттеуге әкелмесе, мүдделі тараптар даудың жәй-күйі мен сипатына сәйкес өз қалаулары бойынша дауды басқа да бейбіт құралдармен реттеу үшін барлық шараларды қабылдайды. Егер консультацияның басталуына байланысты қиындықтар туындаса немесе консультациялар өзара тиімді реттеуге келуге мүмкіндік бермесе, кез келген қатысушы мемлекет дауды реттеу мақсатында даудағы келесі жақтың келісімін алмастан жәрдем көрсетуге Бас хатшыға жүгіне алады. Келесі мүдделі қатысушы мемлекетпен дипломатиялық қарым-қатынас ұстамайтын қатысушы мемлекет мұндай консультацияларға өзінің қалауы бойынша не тікелей не басқа қатысушы мемлекет немесе делдал ретінде араласатын Бас хатшы арқылы қатысады.

1 6 - б а п

Осы Келісімде, 17-21-баптарды қоспағанда, мемлекетке сілтемелер егер осы ұйым өзіне осы Келісімде көзделген құқықтар мен міндеттерді қабылдайтындығын мәлімдесе

және егер осы ұйымның мүше Мемлекеттерінің көпшілігі осы Келісімге және Мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері туралы шартқа қатысушы мемлекеттер болып табылатын болса ғарыштық қызметті жүзеге асыратын кез келген халықаралық үкіметаралық ұйымға қатысты ретінде қаралады. Осы Келісімге қатысушы мемлекеттер болып табылатын, кез келген осындай ұйымның мүше мемлекеттері осы ұйым осы Баптың ережелеріне сәйкес мәлімдеме жасауын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

#### 1 7 - б а п

Келісімге қатысушы - кез келген мемлекет осы Келісімге түзету ұсына алады. Түзетулер оларды Келісімге қатысушы мемлекеттердің көпшілігі қабылдағаннан кейін Келісімге қатысушы әрбір мемлекет үшін, ал соңынан Келісімге қатысушы әрбір қалған мемлекет үшін олар осы түзетулерді қабылдаған күні күшіне енеді.

#### 1 8 - б а п

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін он жыл өткен соң Келісімді алдағы уақытта қолдануға орай ол қайта қарауды талап ететіндігін талқылау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының алдын ала күн тәртібіне осы Келісімнің қолданылуын қарау туралы мәселе енгізеді. Алайда осы Келісім күшіне енгеннен кейінгі бес жылдан кейінгі кез келген уақытта Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы депозитарий ретінде Келісімге қатысушы мемлекеттердің үштен бірінің талап етуі және қатысушы мемлекеттердің көпшілігінің келісімі бойынша осы Келісімнің қолданылуын қарау үшін қатысушы мемлекеттердің конференциясын шақырады. Келісімнің қолданылуын қарау жөніндегі конференция осы Баптың 1-тармағында көрсетілген принциптің негізінде және, атап айтқанда, кез келген тиісті техникалық жетістіктерді ескере отырып 11-баптың 5-тармағының ережелерін жүзеге асыру туралы мәселені де т а л қ ы л а й д ы .

#### 1 9 - б а п

1. Осы Келісім барлық мемлекеттер оған қол қоюы үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Нью-Йорктегі Орталық мекемелерінде ашық болады.

2. Осы Келісім оған қол қойған мемлекеттердің бекітуіне жатады. Осы Баптың 3-тармағына сәйкес ол күшіне енгенге дейін осы бапқа қол қоймаған кез келген мемлекет оған кез келген уақытта қосыла алады. Бекіту грамоталары мен қосылуы туралы құжаттар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

3. Осы Келісім бесінші бекіту грамотасы сақтауға тапсырылғаннан кейінгі отызыншы күні күшіне енеді.

4. Осы Келісім күшіне енгеннен кейін өзінің бекітілген грамотасын немесе қосылуы туралы құжатты сақтауға тапсырған әрбір мемлекет үшін ол мұндай құжатты сақтауға тапсырғаннан кейінгі отызыншы күні күшіне енеді.

5. Бас хатшы осы Келісімге қол қойған немесе қосылған барлық мемлекетке әр қол қоюдың күні, әрбір бекітілген грамотаның немесе қосылуы туралы құжаттың сақтауға тапсырылған күні туралы, осы Келісімнің күшіне енген күні туралы, сондай-ақ басқа да құлақтандырулар туралы хабарлайды.

2 0 - б а п

Осы Келісімге қатысушы кез келген мемлекет Келісім күшіне енгеннен кейін бір жыл өткен соң жазбаша хабарлау жолымен өзінің одан шығатындығы туралы хабарлай алады. Мұндай шығу осы хабар алынған күннен бастап бір жыл өткен соң күшіне енеді.

2 1 - б а п

Орысша, ағылшынша, арабша, испанша, қытайша және французша мәтіндері бірдей болып табылатын осы Келісім оның расталған көшірмелерін осы Келісімге қол қойған және оған қосылған барлық мемлекеттерге қайта жіберетін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылатын болады.

Оған өзінің тиісті үкіметтері тиісті түрде уәкілеттік берген төменде қол қоюшылар ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРЫП 1979 жылы 18 желтоқсанда Нью-Йоркте қол қою үшін ашылған осы Келісімге қол қойды.

Ұлттық Аэроғарыш Агенттігі

Бас директорының орынбасары